

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның
«2025 жылдың қаңтар- желтоқсан айлары аралығын қамтыған
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық анықтаманы талдау»
тақырыбындағы дөңгелек үстел
ХАТТАМАСЫ № 7**

Тараз қаласы

18 желтоқсан, 2025 ж

Төрағалық еткен: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның директоры Н. Мергенбай

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

Төраға жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

Бүгінгі күн тәртібінде қарастырылып отырған мәселе, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның 2025 жылдың қаңтар- желтоқсан айлары аралығын қамтыған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы талдау бойынша жиналып отырмыз.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Кәсіпорынның қызметін, оның ұйымдастыру- басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау жасау арқылы таңдамалы жүргізілді.

I. Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

II. Персоналды басқару бағыты.

III. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жұмыс тобының қорытындысы:

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Талдамалық анықтама кәсіпорын басшысына ақпарат үшін ұсынылды.

Жиын қорытындысы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалған іс-шаралар жоспары назарға алынсын. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлықты болдырмау жолында үнемі жұмыс жасау, мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын қолға алсын.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы кәсіпорын қызметкерлеріне үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрағалық еткен



Б. Карымсакова